

Астана қаласы әкімдігі ұйымдастырған сенбілікке 250 студент қатысты 20.09.2025ж

2025 жылдың 20 қыркүйегінде еңбек адамдарын ұлықтау және қоршаған ортаны қорғауға үлес қосу мақсатында Астана қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен жалпықалалық сенбілік өтті. Аталған шараға С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінен 250-ге жуық студент белсене қатысты.

Сенбілік барысында студенттер қаланың санитарлық тазалығына үлес қосып, көшелер мен қоғамдық орындарда тазалық жұмыстарын жүргізді. Жастардың бұл бастамаға белсенді қатысуы олардың еңбекке деген құрметін, азаматтық жауапкершілігін және экологиялық мәдениетін көрсетеді.

Мұндай іс-шаралар студенттердің табиғатқа жанашырлықпен қарауына және қоғам игілігіне қызмет етуіне ықпал етеді.

